

**Көп арналы хабар таратуда таралуына байланысты міндетті теле-,
радиоарналардың санын бекіту туралы**

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 203 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 желтоқсанда № 8178 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 34 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 11.07.2016 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Баспасөз-релиз

2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Телерадио хабарларын тарату туралы» Заңы 7-бабының 19) тармақшасына және Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның 2012 жылғы 2 қарашадағы № 2 ұсыныстарын ескере отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 14 (он төрт) көп арналы хабар таратуда таратылуына байланысты міндетті теле-, радиоарналар айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің Ақпарат және мұрағат комитеті:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министрі А.О. Қырықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Д. Мыңбай